Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы
Е.З.Мараимовқа

Жеке кәсіпкер Бегманов Жанболат Тұрсынханұлынан
ИИН: 880218302945
Тел: +77767333343

Арыз

Құрметті Еркебұлан Зұлхарнайұлы, Шымкент қаласының білім басқармасының "Абдраш Назарбеков атындағы №87 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесімен БСК 100840015106 2021 жылдың 29 маусымында жарияланған № 6018760-1 «Спорт алаңшасын жөндеу» бойынша ашық конкурсына қатысуға өтінім бердік. Конурстық комиссия 8.08.2021 жылы жарияланған алдын ала рұқсат беру хаттамасында біз берген өтінімдер толық еместігін көрсете отырып, «*Заявка на участие в конкурсе отклоняется на основании пп.1 п.150 Правил ГЗ и требования , а именно несоответствие БЕГМАНОВ ЖАНБОЛАТ ТУРСЫНХАНОВИЧ квалификационным требованиям в части не обладания трудовыми ресурсами не указаны сведения и не приложены уд.лич., и трудовые договора на 5 ед. рабочие покрытию асфальта и на 5 ед. рабочие по установке спортивного инвентаря, достаточными для исполнения обязательств по договору, указанным в Приложения 1-3 КД конкурсной документации. Согласно требованиям документы подтверждающие образования не требется, однако согласно ст.21 Тр. кодекса РК трудовые отношения оформляются Трудовым договором*» деген себеппен кері толықтыру үшін қайтарылды. Біз сәйкесінше асфальт төсеуші етіп 5 жұмысшы және спорттық құрылғыларды орнатушы етіп 5 бірлік жұмысқа қабылдап, өтінімді толықтырып қайта ұсындық.

16.08.2021 жылы жарияланған қорытындылар хаттамасын қарап шығып, конкурстық комиссия қабылдаған шешімімен келіспейтіндігімізді білдіреміз. Оның себебі бірнеше. Алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген кемшіліктерді біз толықтырғанымызбен басқа өтінім берген әлеуетті өнім берушілер ұсынған құжаттамаларында 5 асфальт төсеуші жұмысшы мен 5 спорттық құрылғыларды құратын жұмысшылары жоқ. Тек кейбір өнім берушілер мысалы, қорытындылар бойынша жеңімпаз болып табылған Юг-ТехСнаб ЖШС ұсынған құжаттамаларында «разнорабочий» жұмысшылары бар екендігін көрсеткен және еңбек шарттарын түзген. Тіпті еңбек шарттары Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексінің» талаптары сақталмай жасалған. Атап

айтқанда: 1. ҚР Еңбек Кодексінің 27 бабы 1) тармақшасына сәйкес Жұмыс беруші мен Жұмысшының арасында жасалған еңбек шартында жұмыскердің жұмысты (еңбек функциясын) белгілі бір біліктілік, мамандық, кәсіп немесе лауазымы анықталып көрсетілместен шарт жасалған. Конкурстық құжаттама бойынша «разнорабочий» емес асфальт төсеуші мен спорттық құрылғыны орнатушылар қажет болатын. «Разнорабочий» бұл белгілі бір біліктілік, мамандық немесе лауазым емес. Бұл кезегінде жұмысшының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзатындығы анық. Сол себепті Кодекс талаптары сақталмаған шарттар жармсыз болып табылуы тиіс етін. Осындай кемшілік «Зере-Сервис.Групп» ЖШС еңбек шарттарында да орын алған.

Сол сияқты "Ерасыл-Құрылыс 2013" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тек еңбек өтілін растайтын құжттар ұсынған, "Астана Томирис и Ко" ЖШС лицензиядан басқа құжат ұсынбаған, "МС-Строй групп" ЖШС жарғысы мен тәжірибесін растайтын құжаттан басқа құжат ілінбеген, "СК Нур-Астана" ЖШС тек белгісіз бір азаматтардың жеке куәліктерін ілген, "TAS stroy LTD" ЖШС тек еңбек өтілдерін растайтын құжаттар тіркелген, "Kaz Tau Group" ЖШС еңбек өтілдерін растайтын құжаттарын тіркеген, "МарсСтрой" ЖШС еңбек өтілі мен материалдық әлеуетін растайтын құжаттар тіркеген, "STAR Стройпроект" ЖШС электрик, инженер, разнарабочий деп жеке куәліктер тіркегенімен бұл жұмысшылар спорт алаңшасын құру туралы конкурстық құжаттамаға сай қажеттіліктері жоқ мамандар.

Осы жоғарыдағыларды баяндай келе, Сізден конкурстық комиссияның қорытындылар туралы хаттамасын заңсыз деп танып, конкурс қорытындысы бойынша Жеке кәсіпкер Бегманов Жанболат Тұрсынханұлының ұсынған құжаттарын ғана заңды деп танып, рұқсат беруге ықпал етіңізді сұраймын.

**Директор** **Ж.Т.Бегманов**

**18.08.2021 жыл**